



## Ақылы медициналық қызметтерді көрсету Шарты

«Medical Park» медициналық орталығы, Алматы қ., Розыбақиев көш., 105 Б  
(ҚР АҚ 387, 389 баптарына сәйкес жасалды)  
(Үлгілік нысан)

Алматы қ.

Осы медициналық қызметтерді көрсету шарты бұдан әрі «**Медициналық Орталығы**» аталатын, 26.12.2013 жылғы №13020241 мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет ететін «Medical Park» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен бұдан әрі «**Емделуші**» аталатын емделуші, емделушінің мүдделері үшін әрекет ететін заңды өкілінің, бұдан әрі бірге «Тараптар» аталады, арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін жария шарт және қосылу шарты болып табылады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шартқа сәйкес Медициналық Орталығы Емделушіге Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген диагностика, профилактика және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін медициналық қызметтерді ақылы негізде көрсетуге міндеттенеді. Осы Шартқа сәйкес Емделуші көрсетілетін медициналық қызметтердің (бұдан әрі – «Қызметтер») құнын уақытылы төлеуге, сондай-ақ Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ететін Медициналық Орталықтың талаптарын орындауға, соның ішінде бұл үшін қажетті мәліметтерді уақытылы хабарлауға міндетті.

1.2. Емделушіге көрсетілетін Қызметтердің тізбесі мен құны Медициналық Орталығының қолданыстағы Прейскурантында анықталады. Медициналық көрсетілімдер бойынша және/немесе Емделушінің келісімімен оған құны Медициналық Орталығы мен Емделушінің (немесе оның заңды өкілінің) арасында қосымша келісілетін өзге қызметтер де көрсетіле алады.

1.3. Осы Шартты орындау кезінде Тараптар сондай-ақ Қазақстан Республикасының медицина мекемелерінің халыққа ақылы медициналық қызметтерді көрсетуін реттейтін қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

1.4. Осы Шарттың талаптары Медициналық Орталығына медициналық көмек алу үшін жүгінген барлық тұлғалар үшін ортақ болып табылады. Осы Шарттың талаптары Емделушінің бастамасымен өзгертуге жатпайды және Емделуші оларды осы құжат баяндалған күйде сөзсіз қабылдайды.

1.5. Бұл Шарт жария оферта болып табылады. Осы Шартқа ҚР АҚ 387 бабының (Жария шарт) және ҚР АҚ 389 бабының (Қосылу шарты) талаптары қолданылады. осы Шарттың талаптары Медициналық Орталығының барлық Емделушілері үшін ортақ болып табылады.

1.6. Офертаны қабылдау және осы Шартқа қосылу дерегі Емделуші қол қойған Шартқа қосылу туралы өтініш болып табылады.

### 2. ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

2.1. Медициналық Орталығы осы Шарт бойынша қызметтерді мына мекен-жайда орналасқан Медициналық Орталығының жайында көрсетеді: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Розыбақиев көш., 105 Б.

2.2. Медициналық Орталығы осы Шарт бойынша қызметтерді Медициналық Орталығының өкімшілігі орнататын күндері және жұмыс сағаттарында көрсетеді және тіркеу бөлімінің ақпараттық тақтасына орналастыру арқылы Емделушіге хабарлайды.

2.3. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету Емделушінің қабылдауға алдын ала жазылуы тәртібімен жүргізіледі. Емделушінің қабылдауға алдын ала жазылуы Медициналық Орталығының CALL-орталығына Емделушінің қоңырау шалуы арқылы немесе телефон, факсимильді және өзге

«Medical Park» ЖШС Директорының  
2018 жылдың «12» ақпан № 21  
бұйрығымен бекітілді



байланыс арқылы жүзеге асырылады. CALL-орталықтың телефон нөмірі +7(727) 303-33-33, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 08.00 бастап сағат 20.00 дейін, сенбі және жексенбі күндері сағат 9.00 бастап 17.00 дейін жұмыс істейді. Жедел көмек алу қажеттілігін қоса алғанда, ерекше жағдайларда Емделушіге қызметтер алдын ала жазылусыз және/немесе бекітілген кезектен тыс көрсетіледі.

2.4. Келісушілік бойынша Медициналық Орталығының CALL-орталы арқылы Емделушіге келесі қызмет түрлері көрсетіле алады: «Дәрігерді үйге шақыру», «Талдауға үйде қан алу». Аталмыш қызметтер тек қана Алматы қаласында, Шығыс айналып өтетін жол – Әл-Фараби – Рысқұлов, Яссауи және Қазақфильм ықшам ауданы шегінде көрсетіледі. Қызметтердің құны Медициналық Орталығының қолданыстағы Прейскурантына сәйкес анықталады.

### 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Шартты орындау кезінде Медициналық Орталығы құқылы:

3.1.1. Емделушіге Қызмет көрсететін мамандарды өздігінен анықтау, белгілі бір дәрі-дәрмектер мен материалдардың қолданылуын анықтау, сондай-ақ өз қараумен медицина мамандарын тарту, мамандардың кеңес беру кестесін, емшаралар мен жұмыс кестесін, сондай-ақ емдеу әдістерін анықтау, диагностикалық, профилактикалық және емдік іс-шараларды жүргізу қажеттілігін анықтау;

3.1.2. Емделушіден профилактикалық және емдік іс-шаралар жоспарын орындауды, Емделуші ем қабылдайтын бөлімнің Ішкі тәртіп ережелерін сақтауды, дәрілік препараттарды қабылдау режимін, тамақтану режимін және басқа тағайындауларды сақтауды талап ету;

3.1.3. Емделушінің келісімімен қосымша медициналық тексерулер мен кеңестерді, диагностика, емшаралар, Емделушінің психикалық-физикалық жағдайын бағалауды тартылған мамандардың көмегімен, қажет жағдайларда – мамандандырылған мекемелерде жүргізу;

3.1.4. өз қарауымен, бірақ Емделушінің пікірін ескере отырып, емдеуші дәрігерді ауыстыру;

3.1.5. Емделушінің өміріне қауіп төндіретін шұғыл жағдайлар туындағанда, Емделушінің келісімін алмай өздігінен емдеу жоспарын, әдістерін өзгерту, диагноз қою, тексеру және медициналық көмек көрсету үшін қажетті емдеу ұзақтығын, зерттеулердің, түрлі әрекеттердің, ота жасау көлемін, Емделушінің денсаулық жағдайына байланысты басқа бағдардағы бөлімшеге ауыстыру қажеттілігін анықтау;

3.1.6. Емделушінің келісімімен қосымша медициналық емшаралар, сауықтыру және профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

3.1.7. Емделушінің бөлімшеде болуына қарсы көрсетілімдер болған жағдайда,

Тараптармен келісілген мерзімді тоқтату немесе Қызметтердің көрсетілуін тоқтату, атап айтқанда:

(1) ауыр немесе созылмалы қабыну немесе вирустық жұқпалар, асқыну кезеңіндегі психикалық аурулар, туберкулез немесе Емделушінің келісімінсіз оны мамандандырылған емдеу мекемесінде емдеу үшін дереу көшіруді талап ететін басқа аурулар анықталған жағдайда;

(2) бұған дейін анықталмаған немесе ұсынылған медициналық құжаттарда көрсетілмеген, немесе бөлімшеде болған кезде байқалмаған қарсы көрсетілімдер анықталған жағдайда;

(3) Емделушіге ары қарай қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ

(4) Емделуші Шартпен орнатылған мерзімде қызметтер үшін төлем жүргізбеген жағдайда;

3.1.8. Емделуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды біржақты тәртіпте тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру. Бұл ретте, Медициналық Орталығы Емделушіге көрсетілмеген Қызметтердің құнын өтейді және Медициналық Орталығының қызметкерлер құрамы мен жабдықтарының мәжбүрлі түрде жұмыссыз тұрғаны үшін өтемақы ретінде көрсетілген емнің жалпы сомасына 5% пайыздық айыппұл салуға құқылы;

3.1.9. Емделушіге (оның өкіліне) емдеу үдерісіндегі және одан кейінгі асқыну мүмкіндіктері туралы хабарлау, Емделуші (оның өкілі) бұл туралы медициналық араласуға ерікті ақпараттандырылған келісім бланкіне қол қояды;

3.1.10. емдеу нәтижелерін, барысының сипаттамасын және өзге ақпаратты Емделушіні сәйкестендіру үшін жеткілікті болатын деректерін нұсқаусыз арнайы медициналық әдебиетте жариялау кезінде мысал ретінде пайдалану;

3.1.11. егер Емделуші стационарда ем қабылдау кезінде Емделуші ем қабылдап жатқан бөлімшенің Ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда, Медициналық Орталығы Емделушіні мерзімінен бұрын шығаруға құқылы;



3.1.12. Емделушінің арнайы келісімін алмай, Медициналық Орталығының деректер қорына оның жеке деректерін, сондай-ақ диагностика, қойылған диагноз, жүргізілетін емдеу мен оның нәтижелері туралы мәліметтерді енгізу, аталған деректерді қолданыстағы заңнамамен көзделген мерзім ішінде сақтау;

3.1.13. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұған құқылы органдардың сұратулары бойынша алдыңғы тармақта аталған Емделуші туралы мәліметтерді ұсыну.

3.2. Медициналық Орталығы міндеттенеді:

3.2.1. Емделуші осы Шарттың 4 бөлімімен анықталған тәртіпте Қызметтер үшін ақша құралдарын төлеп, төлемді растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін осы Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді уақытылы және сапалы көрсету;

3.2.2. Қызметтерді көрсету орны, Медициналық Орталығының жұмыс режимі, Медициналық Орталығының бақылау-өткізу режимі, ақылы Қызметтердің құнының көрсетілуімен олардың тізбесі, оларды көрсету шарттары туралы мәліметтерден тұратын ақпаратпен орнатылған тәртіпте Емделушіні қамтамасыз ету;

3.2.3. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген профилактика, диагностика, емдеу әдістерін, медициналық технологияларды, дәрілік құралдарды, иммундық-биологиялық препараттар мен зарарсыздандыру құралдарын заңмен орнатылған тәртіпте пайдалану;

3.2.4. қажеттілік бойынша Емделушінің келесі шарттарда стационар (оңалту) бөлімшесінде уақытша (келісілген мерзімде) болуын Медициналық Орталығының қолданыстағы Прейскурантына сәйкес қамтамасыз ету:

(1) бір орындық жайғасым,

(2) екі орындық немесе үш орындық жайғасым;

3.2.5. Емделуші стационар (оңалту) бөлімшесінде болғанда оны үш реттік тамақтандырумен, төсек-орынмен, санитарлық-гигиеналық нысандағы бұйымдармен қамтамасыз ету;

3.2.6. Емделушінің медициналық құжаттамасы мен медициналық картасын жүргізу;

3.2.7. Емделушіге емдеудің қол жеткізілген нәтижесін сақтау үшін қажетті тағайындаулар мен кеңестер туралы хабарлау;

3.2.8. осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау аясында Емделушіге медициналық көмек көрсету үшін білікті медициналық қызметкерлер құрамының қатысуын қамтамасыз ету;

3.2.9. емдеу шаралары аяқталғанда Емделушінің қолына медициналық тағайындаулар бар қорытынды немесе Емделуші стационар (оңалту) бөлімшесінде болған жағдайда, орнатылған үлгідегі ауруханадан шығару құжатын беру;

3.2.10. Емделушіге көрсетілген Қызметтердің түрлерін, көлемін, құнын, сондай-ақ Емделушіден келіп түскен ақша құралдарын есепке алу;

3.2.11. Емделушінің жағдайы мен денсаулығына қатысты бүкіл ақпараттың құпиялылығын сақтау (дәрігерлік құпия).

3.3. Емделуші құқылы:

3.3.1. Медициналық Орталығынан лицензия мен сертификаттардың бары, тиісті сападағы Қызметтер туралы мәліметтерді және көрсетілген Қызметтердің құнын есептеу туралы мәліметтерді талап ету;

3.3.2. тағайындалған емдеу (оңалту) туралы, көрсетілген Қызметтер туралы ақпарат алу;

3.3.3. емдеуді бастау алдында көрсетілетін Қызметтердің бағаларымен танысу;

3.3.4. Қызметтерді көрсетуге дайындықпен байланысты тікелей шығындардың Медициналық Орталығына өтелуімен, Қызметтерді алудан (олардың көрсетілуіне дейін) бас тарту және төленген соманы қайтып алу;

3.3.4. емдеуші дәрігерді таңдау (оның келісімінің ескерілуімен);

3.3.5. медициналық араласуға ақпараттандырылған ерікті келісім беру. Емделушінің жағдайы өз еркін білдіруге мүмкіндік бермесе, ал медициналық араласу шұғыл қажет болса, Емделушінің мүдделері үшін медициналық араласу мәселесін Емделушінің өкілдерінің немесе жақын туыстарының (болған жағдайда) келісімімен емдеуші (немесе кезекші) дәрігер шешеді. Мүмкін салдарының көрсетілуімен медициналық араласудан бас тарту медициналық құжаттамаға жазба



енгізу арқылы рәсімделеді және оған Емделуші (оның өкілі, жақын туысы), сондай-ақ емдеуші (немесе кезекші) дәрігер қол қояды;

3.3.6. Медициналық Орталығының медициналық және қызмет көрсетушілер құрамының құрмет пен адамгершілік танытуы;

3.3.7. өзінің денсаулық жағдайы туралы бар ақпаратты қолжетімді нысанда алу, соның ішінде тексеру нәтижелері, аурудың бары, оның диагнозы мен болжамы, емдеу әдістері, мұнымен байланысты қауіп, медициналық араласудың мүмкін нұсқалары, олардың салдары және жүргізілген емдеу нәтижелері туралы мәліметтер;

3.3.8. этикалық ұйғарымдар бойынша қалаусыз болатын немесе Емделушінің денсаулық жағдайын нашарлатуы мүмкін жағдайлардан басқа, өзінің денсаулық жағдайы туралы толық, шынайы және уақытылы ақпараттың берілуі;

3.3.9. емдеуші дәрігер емдеу жоспары мен бағдарламасын құрастыру кезінде көрсетілетін Қызметтердің көлемі мен сапасы бойынша өз пікірін білдіру;

3.3.10. аурумен және (немесе) медициналық араласумен байланысты ауруды қолжетімді тәсілдермен және құралдармен жеңілдету (жою) құқығы;

3.3.11. жазбаша түрде арыз беріп, Қызметтердің көрсетілуінен толық немесе ішінара бас тарту;

3.3.12. медициналық араласуға ерікті ақпараттандырылған келісімге қол қою;

3.3.13. күрделі жағдайларда консилиум өткізуді немесе басқа мамандардан кеңес алуды талап ету;

3.3.14. осы Шартта келісілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында сипатталған жағдайлардан басқа, медициналық көмек алуға жүгіну дерегі, диагноз, денсаулық жағдайы, жүргізілген емдеу туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауды талап ету (дәрігерлік құпия);

3.3.15. өз денсаулығының жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттамамен тікелей танысу және осындай құжаттаманың негізінде басқа мамандардан кеңес алу. Денсаулық жағдайы турады ақпарат Емделушінің қолына емдеуші дәрігермен немесе медициналық тексеру мен емдеуге тікелей қатысатын басқа медициналық қызметкерлермен беріледі. Ақыл-ой қабілеттілік жасына жетпеген тұлғаларға және заңмен орнатылған тәртіпте ақыл-ой қабілетсіз деп танылған азаматтарға қатысты денсаулық жағдайы туралы ақпарат олардың заңды өкілдеріне беріледі. Денсаулық жағдайы туралы ақпарат Емделушіге оның еркіне қарсы беріле алмайды. Егер Емделуші хабарлауға тыйым салмаса және (немесе) мұндай ақпарат табысталуы тиіс өзге тұлғаны тағайындамаса, аурудың дамуына қатысты жағымсыз болжам болған жағдайда, ақпарат Емделушіге немесе оның күйеуіне (әйеліне), жақын туыстарының біріне (балаларына, ата-анасына, асырап алынғандарға, асырап алушыларға, туған аға-бауырлары мен туған апа-сіңлілеріне, немерелеріне, аталарына, әжелеріне) шетін хабарлануы тиіс.

3.4. Емделуші міндеттенеді:

3.4.1. осы Шартқа және Медициналық Орталығының ережелеріне сәйкес Қызметтер үшін уақытылы төлеу;

3.4.2. көрсетілген Қызметтер үшін төлем шоттарын қабылдау, Медициналық Орталығынан келіп түскен барлық сынақ құжаттарының есебін жүргізу;

3.4.3. осы Шарттың талаптарын тиісінше орындау және Медициналық Орталығының қызметкерлер құрамына Емделушінің осы Шарттың талаптарын орындауына кедергі келтіретін кез келген жағдаяттар туралы уақытылы хабарлау;

3.4.4. осы Шарттың аясында Қызмет көрсететін мамандардың барлық медициналық тағайындауларын, ұйғарымдарын, кеңестерін орындау, Медициналық Орталығының бөлімшелеріндегі Ішкі тәртіп ережелерін, емдік-қорғау режимін, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін, Медициналық Орталығының бақылау-өткізу режимін сақтау, денсаулық жағдайындағы кез келген өзгерістер орын алғанда, бұл туралы емдеуші (кезекші) дәрігерге дереу хабарлау;

3.4.5. осыған қажетті мәліметтер мен ұйғарымдарды хабарлауды қоса алғанда, Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ететін Медициналық Орталығының барлық талаптарын орындау;

3.4.6. Медициналық Орталығынан тыс жүргізілген алдын ала зерттеулер мен мамандардың кеңестері туралы (болған жағдайда) деректерді емдеуші дәрігерге табыстау, сондай-ақ Емделушінің денсаулық жағдайын көрсететін бүкіл ақпаратты хабарлау және құжаттарды табыстау (шалдыққан аурулар туралы, аллергиялық реакциялар мен қарсы көрсетілімдердің бары туралы,



Қызметтердің сапалы көрсетілуі және Емделушінің денсаулығы үшін зиянды салдарының орын алуын болдырмау үшін қажетті басқа ақпаратты жазбаша хабарлау);

Емделуші Қызметтерді көрсетумен байланысты жоғарыда аталған ақпарат ұсынбаған жағдайда немесе толық емес, қате, жалған ақпаратты ұсынған жағдайда, сондай-ақ Қызмет көрсетуге ықпал етуі мүмкін басқа ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Медициналық Орталығы кез келген жауапкершіліктен босатылады;

3.4.7. осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету тәртібімен және талаптарымен танысу;

3.4.8. емдеуші дәрігердің кеңесінсіз, осы Шарттың әрекет ету кезеңінде өздігінен ем қабылдамау;

3.4.9. осы Шарттың әрекеті тоқтатылған жағдайда, жеке заттарын алып және Медициналық Орталығынан алынған мүлікті (стационар (оңалту) бөлімшесінде болған жағдайда) тапсырып, жайғасқан бөлмені (жатын-орынды) дереу босату.

3.4.10. мүлік зақымдалған жағдайда немесе қандай да бір өзге мүлікке нұқсан келтірілген жағдайда, Медициналық Орталығының шығындарын толық өтеу;

3.4.11. Қызмет алу үшін жүгінген жағдайда, жеке куәлігін (төлқұжат) тапсыру және осы Шарттың әрекет ету кезеңінде дербес (төлқұжат) деректерінің өзгеруі туралы Медициналық Орталығына хабарлау.

#### **4. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ**

4.1. Қызметтердің құны Медициналық Орталығымен бекітілген, қызметтерді көрсету сәтінде қолданыстағы Прейскуранттағы негізінде анықталады. Медициналық Орталығы тіркеу бөлімінде және Медициналық Орталығының Интернет-сайтына орналастырылатын Медициналық Орталығының қызметтеріне жеңілдік беру жөнінде бекітілген бағдарламасына сәйкес Қызметтердің құнына жеңілдіктер қолдануға құқылы.

4.2. Медициналық Орталығы мен Емделушінің арасында өзге келісімесе, осы Шартта көзделген Қызметтер кешенін қамтамасыз ету үшін Емделуші көрсетілуі тиіс Қызметтер құнының 100% кем емес мөлшерде алғытөлем төлейді. Емделуші стационар (оңалту) бөлімшесіне жатқызылған жағдайда алғытөлем мөлшері Прейскурантқа сәйкес Емделушіні стационарда емдеу құнының 100% мөлшерінде анықталады.

4.3. Емделушіні тексеру және (немесе) оған қатысты диагностикалық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін Медициналық Орталығы емдеудің (оңалтудың) жеке бағдарламасы мен оның құнын ұсынады.

4.4. Емделушіге көрсетілетін қосымша Қызметтердің тізбесі мен құны Медициналық Орталығымен бекітілген Қызметтерді көрсету сәтінде қолданыстағы Прейскурантқа сәйкес келісіледі және Шарттың 4.2. тармағында көзделген тәртіпте төленуі тиіс. Медициналық Орталығы өзгерістер бекітілген күні және Прейскурант Медициналық Орталығының тіркеу бөлімінің ақпараттық тақтасында және Интернет-сайтында орналастырылған күні күшіне енетін өзгерістерді Прейскурантқа енгізу арқылы оны өзгертуге құқылы.

4.5. Тараптардың арасында есеп айырысулар Медициналық Орталығының кассасына қолма-қол ақшаны салу арқылы немесе Медициналық Орталығының есептік шотына ақша құралдарын аудару түрінде қолма-қолсыз есеп айырысу арқылы (соның ішінде төлем карталарының қолданылуымен) жүзеге асырылады.

4.6. Қызметтердің ақысын банктердің бөлімшелері арқылы Медициналық Орталығының шотына аудару кезінде банк қызметтерінің құнын Емделуші өзі төлейді.

4.7. Төлем күні болып Медициналық Орталығының кассасына қолма-қол ақша құралдарын салу немесе Емделушінің төлем картасынан (банктік шотынан) ақша құралдары шығынға жазылған күн саналады.

4.8. Прейскурантта көзделмеген тексеру мен емдеу нәтижелері бойынша қосымша Қызметтерді көрсету қажет болса, Қызметтердің құны нақты диагноз бен қосымша емдеу шығындарының ескерілуімен, біржақты тәртіпте, Медициналық Орталығымен дербес анықтала алады.

#### **5. СТАЦИОНАР (ОҢАЛТУ) БӨЛІМШЕСІНДЕ ЕМДЕУ КЕЗІНДЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

5.1. Стационар (оңалту) бөлімшесінде емдеу кезінде алдын ала тапсырыс берілген жатын-орын үшін төлем осындай тапсырысты орындау сәтінде жүргізіледі. Емделуші ауруханаға жатудан бас

«Medical Park» ЖШС Директорының

2018 жылдың «12» ақпан № 21

бұйрығымен бекітілді



тартқан жағдайда немесе Медициналық Орталығының пайдасына пайдасына соманың алдын ала төленуімен ауруханаға келмеген жағдайда, қолданыстағы Прейскурантқа сәйкес емдеулі болуының үш тәулігі үшін төлемге тең сома өндіріп алынады. Алдын ала тапсырыс кезеңінде Медициналық Орталығы осындай бас тартудың объективті себептерін көрсетіп, ауруханаға қабылдаудан бас тартуға құқылы. Егер Емделуші ауруханаға жатудың жоспарланған күнінен 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын ауруханаға жатудан бас тартса немесе өз ниеті туралы Медициналық Орталығына хабарламаса, Медициналық Орталығы алдын ала тапсырыс беріліп қойған жатын-орынды өз қарауымен пайдаланады және себептерін көрсетпей, ауруханаға жатқызудан бас тартуға құқылы.

5.2. Емделуші Медициналық Орталығында 2 (екі) күнтізбелік айдан артық болған жағдайда, Медициналық Орталығы апта сайын орнатылған үлгідегі көрсетілген Қызметтер үшін төлем шотын рәсімдейді және Емделушіге шот қояды.

5.3. Емделуші шотты шот қойылған күннен кейінгі күннен кешіктірмей төлеуге міндетті.

5.4. Қойылған шот бойынша шағымдары болған жағдайда, Емделуші осы Шарттың 5.3 тармағына сәйкес осы шотты төлейді және дауланатын сома бойынша Медициналық Орталығына жазбаша қарсылығын білдіреді. Медициналық Орталығы шотта анықталған қатені растаған жағдайда, дауланатын сома Тараптардың ары қарайғы есеп айырысулары кезінде ескеріледі немесе Емделушінің қалауы бойынша оған төленеді.

5.5. Медициналық Орталығы осы Шарттың аясында көрсетілетін Қызметтердің бағаларын қайта қарауға және жаңа емдеудің әдіс-тәсілдері бойынша қосымша қызметтерді енгізе алады. Емделуші қызметтердің құнын, медбикелік күтім және қосымша медициналық қызметтер құнын өзгерту туралы ақпаратпен өздігінен жұмыс сағаттарында Медициналық Орталығының бірінші қабатында орналасқан ақпараттық стендтен немесе Интернет-сайттың «Прейскурант» бөлімінен таныса алады.

5.6. Көрсетілген Қызметтер үшін соңғы есеп айырысу Емделушіні ауруханадан шығарған күні жүргізіледі. Егер көрсетілген Қызметтердің құны Емделушімен төленген алғытөлемдерден кем болса, ақша құралдарының қалдығы Емделушіге қайтарылады. Егер мұндай көрсетілген Қызметтердің құны төленген алғытөлемдердің сомасынан артық болса, Емделуші айырмасын төлейді.

5.7. Медициналық Орталығы осы Шарт бойынша міндеттемелерін Емделушінің кінәсінен, соның ішінде Емделуші медициналық ұйғарымдарды, орнатылған емдік-қорғау режимдерін және басқаларын бұзуы себепті орындай алмаса, Қызметтердің құны толық көлемде төленуі тиіс.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шартпен және қолданыстағы заңнамамен көзделген тәртіпте жауап береді.

6.2. Медициналық Орталығы Емделуші жеке өзі сатып алған шығыс материалдары мен дәрілік препараттардың сапасы үшін және оларды пайдалану салдары үшін жауап бермейді.

6.3. Медициналық Орталығы Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген диагностика, профилактика және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін жауап береді.

6.4. Медициналық Орталығы Емделушіні ары қарай емдеуден біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы және Емделуші ұсынылған емдеуден, Медициналық Орталығының маманымен тағайындалған қосымша тексерулерден бас тартқан жағдайда, орын алған асқынұлар үшін жауапкершіліктен босатылады.

6.5. Емделуші Шарттың 3.4.6. тармақшасына сәйкес өз денсаулығы туралы толық ақпарат ұсыныбаған жағдайларда немесе медициналық көрсетімдермен туындатылған, сондай-ақ осы Шарттың 3.4.1., 3.4.5., 3.4.8. немесе 6.6., 6.7. тармақшаларында көзделген жағдайларда, Медициналық Орталығы Қызметтердің толық көрсетілмеуі немесе осы Шартта көзделгеннен кем көлемде көрсетілуі үшін жауап бермейді.

6.6. Келесі жағдайларда 3.4.1., 3.4.5., 3.4.8. или п.п. 6.6., 6.7. жауапкершілікті көтермейді:

(1) Емделуші және/немесе оның өкілі айтпаған, емдеу және басқа емшараларды тағайындау кезінде Медициналық Орталығының медициналық маманы ескермеген аурулардың анықталуы;

(2) Емделушінің Медициналық Орталығының маманымен ұйғарылған режимді бұзуы және міндетті іс-шараларды орындамауы;



(3) Емделушінің қолдануға рұқсат етілген препараттар мен материалдарға аллергиялық реакциялары мен жеке төзбеушілігі туындаған жағдайда;

(4) емдеу кезінде немесе ол аяқталғанда, осы Шарт бойынша Қызмет көрсетумен байланыссыз, бірақ медициналық препараттардың Емделушінің ағзасына тікелей әсер етуімен байланысты ағзадағы өзгерістер анықталған немесе туындаған жағдайда;

(5) егер Емделуші медициналық емдеудің нақты әдісін қолдануды талап етсе және өз қолтаңбасымен растайтын жауапкершілікті қабылдауға келіссе;

(6) Емделушінің бастамасымен емнің тоқтатылуы.

6.7. Емделуші бірауақытта басқа медицина немесе әлеуметтік мекемеде ем қабылдаған жағдайда, Медициналық Орталығы Емделушіге көрсетілетін Қызметтердің сапасы үшін, сондай-ақ оның физикалық және психикалық жағдайы үшін жауап бермейді.

6.8. Емделуші Шарттың 4 және 5 бөлімдерінде көрсетілген мерзім ішінде Қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда, сондай-ақ Шарттың 6.6. тармағының (6) тармақшасында көзделген жағдайда, Медициналық Орталығы төленген алғытөлемнің қалдығын қалыптасқан берешекті немесе салынған айыппұлды (тұрақсыздық айыбын) өтеу есебіне шығынға жазуға құқылы.

6.9. Көрсетілген Қызметтер үшін алғытөлем сомалары жетіспеген жағдайда, Медициналық Орталығы Емделушіден жетіспейтін бөлігін төлеуді, салынған айыппұлды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алууды сот арқылы өндіріп алуға құқылы.

6.10. Емделуші осы Шарттың 4 және 5 бөлімдерінде көзделген төлем шарттарын бұзған жағдайда, Емделуші Медициналық Орталығына мерзімі өткен әр күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді. Емделушіге айыппұл санкцияларын қолдану оны осы Шартпен көзделген міндеттерді орындаудан, соның ішінде көрсетілген Қызметтер үшін төлеуден босатпайды.

6.11. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау ырықсыз күштің немесе осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін басқа форс-мажорлық жағдаяттардың (стихиялық апаттар, эпидемиялар, әскери қимылдар, ереуілдер, құзырлы органдардың шешім қабылдауы және т.б.) салдары болған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, Емделуші Медициналық Орталығына осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер мен іс жүзіндегі шығындар үшін төлейді.

6.12. 6.11. тармақшада көрсетілген жағдаяттар орын алған жағдайда, мұндай жағдаяттар орын алған Тарап басқа Тарапқа дереу хабарлауға тиіс. Кері жағдайда, ол Шарт талаптарының бұзылғаны үшін жауапкершіліктен босатылмайды.

## **7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар осы Шартты орындау барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтау бойынша өзара міндеттемелерді қабылдайды.

7.2. Медициналық Орталығы Емделушінің медициналық көмекке жүгіну дерегі, денсаулық жағдайы, шалдыққан ауруының диагнозы туралы ақпаратты және оны тексеру мен емдеу кезінде алынған өзге мәліметтерді құпия сақтауға міндеттенеді (дәрігерлік құпия).

7.3. Емделушіні медициналық тексеру мен емдеу, ғылыми зерттеулер жүргізу, оларды ғылыми басылымдарды жариялау, оқу үдерісінде пайдалану мақсатында және өзге заңға қайшы келмейтін мақсаттарда Емделушінің немесе оның заңды өкілінің жазбаша келісімімен дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді басқа азаматтарға, соның ішінде лауазымды тұлғаларға жариялауға рұқсат беріледі.

7.4. Емделушінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарымен орнатылған жағдайларда жариялауға жол беріледі.

## **8. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР**

8.1. Осы Шарттың аясында Медициналық Орталығы Емделушіні тегін немесе жеңілдік бойынша дәрі-дәрмекпен, медициналық нысандағы бұйымдармен және науқастарға күтім көрсетуге арналған заттармен қамтамасыз етпейді.



8.2. Медициналық Орталығының Қызметтері үшін төлем осындай Қызметті көрсету күнінде қолданыстағы Прейскурантқа сәйкес жүргізіледі.

8.3. Емделуші Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің (МККК) шегінде мемлекеттік және өзге мекемелерде тегін медициналық көмек алу, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыру бағдарламаларымен көзделген медициналық көмек алу тәртібі мен мүмкіндігі туралы хабардар етілгенін растайды. Емделуші Медициналық Орталығында медициналық көмекті тек қана ақылы негізде алуға келіседі.

8.4. Емделушіге Қызмет көрсету кезінде Медициналық Орталығы, әдетте, тек қана өзінің дәрілік құралдарын, шығыс медициналық материалдарын, науқастарға күтім көрсетуге арналған заттар мен т.б. пайдаланады. Дәрілік құралдардың, шығыс медициналық материалдарының, науқастарға күтім көрсетуге арналған заттар мен т.б. құны көрсетілген Қызметтер үшін төлем шотына кіреді және Шарттың 4 және 5 бөлімдерімен көзделген тәртіпте және шарттарда Емделушімен төленеді.

### **9. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ**

9.1. Осы Шарт Медициналық Орталығы мен Емделушінің арасында 3 (үш) жылға жасалады.

9.2. Осы Шарт келісім түрінде рәсімделген және Медициналық Орталығы мен Емделуші қол қойған Тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатыла алады. Шартты әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, есеп айырысулар Шарттың әрекетін тоқтату күніндегі жағдай бойынша іс жүзінде көрсетілген Қызметтер үшін жүргізіледі.

9.3. Осы Шарт оны бұзудың болжалды күнінен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын бұл туралы Медициналық Орталығына жазбаша хабарландыру арқылы біржақты тәртіпте Емделушімен бұзыла алады. Бұл ретте, Емделуші Медициналық Орталығына іс жүзінде көтерген шығындар мен көрсетілген Қызметтер үшін төлеуі тиіс.

9.4. Келесі жағдайларда Медициналық Орталығы Шартты біржақты тәртіпте бұза алады:

- (1) Емделушінің стационар (оңалту) бөлімшесінде Жүріп-тұру ежересін сақтамауы;
- (2) Емделушінің Медициналық Орталығында болуына қарсы көрсетілімдердің болуы, соның ішінде Шарттың 3.1.7. тармағында көрсетілген себептер бойынша;
- (3) Қызметтер үшін Шартпен орнатылған мерзімде ішінара немесе толық төлемнің жүргізілмеуі;
- (4) Емделушінің кінәсінен немесе Медициналық Орталығының лицензиясының тоқтатылуы (кері шақыртылуы) себепті, немесе Медициналық Орталығына тәуелді емес себептермен туындаған, осы Шарт бойынша Медициналық Орталығының өз міндеттемелерін орындай алмауы;
- (5) Емделушінің Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді бұзуы.

Бұл ретте, Қызметтердің төлемі ретінде төленген құралдарды қайтару Шарттың 9.2. тармағында көзделген тәртіпте және шарттарда жүргізіледі.

9.5. Шартты бұзу Емделушіні осы Шарт бойынша қызметтер үшін төлем жүргізуден, сондай-ақ көзделген айыппұлдар мен тұрақсыздық айбынан босатпайды. Кері жағдайда, Медициналық Орталығы Шарт бойынша берешекті, айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбын сот арқылы өндіріп алуды талап етуге құқылы.

### **10. ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

10.1. Осы Шарт Емделуші қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап жасалған болып саналады және осы сәттен бастап 3 (үш) жыл әрекет етеді.

10.2. Ешбір Тарап осы Шарт бойынша өз құқықтары басқа Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа табыстауға құқылы емес.

10.3. Осы Шартпен реттелмегеннің бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.4. Жүргізілген тексерулерге, мамандардың кеңестеріне, емдеу және басқаларына шағымдары болған жағдайда (Емделушінің пікірінше), Емделуші сол күні бұл дерек жайлы емдеуші дәрігерге және/немесе бөлімшенің меңгерушісіне хабарлауға міндетті. Осы Шарт бойынша Тараптардың арасында туындаған барлық даулар мен шағымдар Тараптардың келіссөздері арқылы шешіледі. Дауды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Медициналық Орталығы орналасқан жерде сот арқылы шешілуі тиіс.





10.5. Осы Шартқа қосыла отырып, Емделуші Медициналық Орталығының сапаны бақылау мақсаттарында Қызметтерді көрсету кезінде фототүсірілім, бейнетүсірілім және рентген емшараларын жүргізуіне өз келісімін береді. Бұл ретте, Медициналық Орталығы Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 21 мамырындағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес Емделушінің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік береді.

10.6. Осы Шартқа қосыла отырып, Емделуші Медициналық Орталығының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес өз деректерін жинауына, жүйелеуіне, жинақтауына, сақтауы мен өңдеуіне, соның ішінде автоматты түрде, сондай-ақ Медициналық Орталығының қызметтері туралы телефон, пошта байланысы мен электрондық пошта арқылы хабарлануына келісімін береді.